

**АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ҰЛТТЫҚ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН
ПРОФЕССОРЫ, ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,
ҚАЗАҚСТАН**

Бейсенбекова Г.Б.,

Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту

Түйін. мақалада Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту мәселесі қарастырылады. Мектепке дейінгі білім беру жүйесі – кез келген мемлекеттің білім беру саласының іргетасы. Автор Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беруді жаңғыртудың басты ұстанымдарын ашып көрсетеді.

Кілт сөздер: жаңғыру, мектепке дейінгі білім беру жүйесі, модель, тәрбиелеу. ерте дамыту лабораториясы.

Аннотация. В статье рассматривается проблема модернизации дошкольного образования в Казахстане. Система дошкольного образования является основой образовательной системы любого государства. Автор раскрывает основные принципы обновления и развития системы дошкольного образования в Казахстане, а также роль моделей воспитания и лабораторий раннего развития в совершенствовании образовательного процесса.

Ключевые слова: модернизация, система дошкольного образования, модель, воспитание, лаборатория раннего развития.

Abstract. The article examines the issue of modernization of preschool education in Kazakhstan. The preschool education system is the foundation of the educational system of any state. The author reveals the main principles of modernization and development of preschool education in Kazakhstan, as well as the role of educational models and early development laboratories in improving the educational process.

Keywords: modernization, preschool education system, model, upbringing, early development laboratory.

Қазіргі кезеңнің, мемлекеттің даму дәуірінің ажырамас бөлігі жаңғыру болып табылады. Әлемдік интеграциялық үдерістерге деген ұмтылыс қазақстандық қоғамды сипаттайды, соның салдарынан жаңғыру мемлекет дамуының негізгі үдерістерінің біріне айналды. Жаңғыру үдерісінде білім беру жетекші орынға ие екенін атап өту қажет. Тек сонда ғана қоғам табысты дамып, өз азаматтары үшін сапалы және қазіргі заманғы білім алуға лайықты жағдай жасай алатын әлемнің жетекші елдерінің қатарына үйлесімді түрде ене алатыны белгілі. Әлемдік үлгіге сәйкес білім беру секторының өзгеруі бүгінде мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырудың маңызды шарттарының біріне айналды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесі – кез келген мемлекеттің білім беру саласының іргетасы. Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты әрбір бала өмірінің сәтті бастамасы ретінде сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беруді жаңғыртудың басты ұстанымы:

1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті кеңейту.

2) Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі шеңберінде жаңғырту.

3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын көшбасшылық негізінде басқару тиімділігін арттыру.

Біріншіден, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті кеңейту. Білім беру қызметтерінің жоғары сапасына кешенді көшуді жүзеге асыру және 3 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін пәрменді шаралар қабылданды. Ең алдымен, бұл жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, қосымша алаңдар (тұрғын үйлер қабаттары) арқылы қолданыстағы желіні кеңейту есебінен жаңа орындардың ашылуына негіз болды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясат халықтың әртүрлі әлеуметтік топтары мен топтарындағы балалар сапалы білім алу үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге және тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға бағытталған. Қалыптасқан әлеуметтік карта негізінде "Әлеуметтік көмек" ақпараттық жүйесінде әр отбасының қиын өмірлік жағдайының деңгейін автоматты түрде көрсетеді. Мемлекеттік әлеуметтік қолдауға балалар санатына Д, Е санатындағы отбасылардан шыққан балалар жатады (отбасының қолайсыздығының дағдарыстық және шұғыл деңгейі). Отбасының цифрлық картасындағы отбасының әл-ауқат индексі туралы мәліметтер тұрақты негізде жаңартылып отырады.

Балалардың мектепке дейінгі ұйымдарда болу қауіпсіздігіне, меншік нысанына қарамастан дамытушы заттық-кеңістік ортаны құруға қойылатын талаптар артады, қолайлы жағдайлар жасалатын болады. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру тәсілдерінің өзгерістерін ескере отырып, бұдан әрі сәйкестікке келтіре отырып, мектепке дейінгі ұйымдарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету мониторингі жүргізіледі.

Барлық мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалады. Арнайы және инклюзивті білім берудің Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы педагогтерімен бірлесе отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ЕБҚ балаларды оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын, педагогтерге арналған оқу-әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеу жұмысы жалғастырылуда.

Мектепке дейінгі даярлық тобындағы балаларды оқытудың мазмұнында, тәсілдері мен тәрбиелеудегі сабақтастықты қамтамасыз ете отырып, мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш мектептің жұмысы үйлестірілетін болады. Әр кезеңде балалардың міндеттері, қажеттіліктері мен жасына қарай мүмкіндіктері ескеріледі. Баланың даму картасы негізінде оны оқытудың жеке траекториясы

айқындалады, сондай-ақ психологиялық-эмоционалдық тұрғыдан мектепке әзірлігі ашылып, кейін олар жеке деректердің құпиялылығын қамтамасыз ете отырып, бастауыш мектепке беріледі.

Екіншіден, мектепке дейінгі білім беру мазмұнын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі шеңберінде жаңғырту. Елімізде 2021 жылы білім мазмұнын жаңғыртуды көздейтін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі қабылданды. Модель ғылыми деректер негізінде балаларды дамыту мен оқытуға қойылатын өзгермелі талаптарға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды трансформациялау, оның сапасын арттыру үшін қажетті өзгерістердің бағыттарын айқындайды.

Модель мынадай салалардағы проблемаларды шешудің кешенді тәсілдерін қамтиды:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті кеңейту арқылы ерте жастан бастап балалар үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасау;
- көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру;
- педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыру;
- инфрақұрылымды жақсарту.

Мектепке дейінгі ұйымдар балалардың жеке ерекшеліктері мен әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдаланады. Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға, өмірлік қажетті физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық, коммуникативтік, танымдық дағдыларын дамытуға бағытталған кедергісіз даму ортасы, трансформацияланатын ойын құрылады. Бұл ретте балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жасанды интеллектті қолдана отырып, дербестендірілген білім беру бағдарламалары әзірленіп, енгізілетін болады. Педагогтің АКТ-құзыреттілігі білім беру ресурстарын, оның ішінде әр баланың қабілеті мен қызығушылығы деңгейіне сәйкес бірегей материалдар мен тапсырмаларды қолдана отырып, көрнекі, компьютерлік, электрондық ресурстарды құруды көздейді.

Педагогтердің озық педагогикалық тәжірибені жинақтау шеңберінде когнитивті дағдыларды, логиканы, тілдік және математикалық ойлауды дамытуға көмектесетін интерактивті білім беру ойындары мен жасанды интеллектке негізделген қосымшаларды әзірлеуі пәрменді әдіс болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде жасанды интеллектке негізделген технологияларды қолдану әр баланың даму барысын бақылауға, күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ қосымша қолдауды қажет ететін салаларды айқындауға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың оқу бағдарламаларын іске асыру үшін пәндік-кеңістік ортаны құруға үлкен мән беріледі. Дамытушы пәндік-кеңістік орта балалардың пәндерді, ойындарды, белсенділік түрлерін, бірлескен іс-әрекетке және қарым-қатынасқа қатысушыларды еркін таңдау мүмкіндігіне бағдарланған оқу-тәрбие процесін құру үшін мектепке дейінгі ұйымдардың кеңістігінің барынша іске асыруды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту негізгі ұлттық құндылықтарға негізделген қоғамды қалыптастыруда аса қуатты әлеуетке ие. Ерте жастан бастап балалар әдебиеті мен халық ауыз әдебиеті арқылы қазақ халқының мәдениетін сақтау және мұра ету – бұл баланы қазақ халқының мәдени-тарихи кодына сәйкес баулудың және балада өзіндік сана-сезімді тәрбиелеудің әмбебап тәсілі болып табылады.

Сондай - ақ 2022 жылдан бастап тәрбиелеу мен оқыту процесіне барлық жас топтарында қазақ тілін оқытуға қойылатын талаптар енгізілді. Қазақ тілін меңгерту мақсатында педагог күні бойы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды қолданады, балалармен әртүрлі қызмет түрінде тәрбиеленушілердің ауызша жүйелі сөйлеуін дамытады, белсенді сөз қорын байытады, қазақ тілін, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруге ықпал етеді, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстырады. 2025 жылы «Адал азамат» бір тұтас тәрбие бағдарламасы қабылданды. Оның мазмұны еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, заң және тәртіп, әділдік және жауапкершілік, жасампаздық және жаңашылдықты құрайды. Бағдарламаны іске асыру жолдары білім беру ұйымы деңгейінде, педагогтер деңгейінде, отбасымен ынтымақтастық деңгейінде өтеді.

Үшіншіден, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын көшбасшылық негізінде басқару тиімділігін арттыру. Өзгермелі әлемде педагогтің даму қабілеті, балаларды тыңдау және есту, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперимент жүргізу қабілеті маңызды. Педагогтер белсенді зерттеушілер және балалармен жұмыс істеудің жана түрлерін жасаушылар, жаңашыл және жауапты болуы тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы менеджмент деңгейін арттырудың маңызды шарты көшбасшылық қағидағтарын кеңінен енгізу болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту моделі шеңберінде озық тәжірибені тарату бойынша жұмыс жалғасады.


Кадрлық әлеуетті қалыптастыру педагогтердің тиісті білім деңгейін қамтамасыз етуге, сыртқы оқыту жүйесі (біліктілікті арттыру курстары) және ішкі – әдістемелік жұмыс жүйесі арқылы арттыруға арналған.

Мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері педагогтерге оның тәжірибесіндегі нақты мәселелерді анықтауға көмектесетін болады, тәжірибе алмасу, мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту мақсаттары мен мазмұнын жаңарту жағдайында біліктілікті арттыру мүмкіндігін беру арқылы педагогтердің кәсібилігін жетілдіреді, баланы дамытатын бағдарламаларды ата-аналармен бірге таңдауды ұйымдастыру үшін балалардың қызығушылықтарын зерделеуге көмектеседі.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың және әдістемелік сүйемелдеудің озық практикаларын тарату үшін үздік мектепке дейінгі ұйымдар базасында құзыреттер орталықтары, ал әдістемелік кабинеттер жанынан мобильдік топтар одан әрі дамитын болады. Олардың міндеті – педагогтерге нақты проблемалар мен оларды шешу жолдарын айқындау кезінде әдістемелік көмек көрсету.

Дегенмен де жоғары оқу орындарының қатысуымен мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің сапалық деңгейін арттыру мәселесін шешуде кешенді көзқарас қажет етеді. Педагогтердің білім деңгейі "Педагог" кәсіби стандартының талаптарына сәйкес болуға тиіс, білім беру бағдарламалары оларды қалыптастыруға және дамытуға бағытталуға тиіс.

Бүгінгі таңда Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «Мектепке дейінгі және психологиялық -педагогикалық даярлық» кафедрасы мектепке дейінгі білім беру мамандарын даярлау барысында



педагогикалық процестің сапасын оқу-әдістемелік жұмысты оңтайландыру арқылы қамтамасыз етуде: мектепке дейінгі білім беру теориясы мен практикасының өзекті мәселелері бойынша арнайы курстарды енгізу, еліміздің және шетелдің ғылыми орталықтарынан жетекші ғалымдарды шақыру, оқу-әдістемелік

құралдарды, оқу-әдістемелік кешендерді, арнайы оқу-әдістемелік кешендерді құру. Сонымен қатар, ҚР БҒМ қаржыландырған грант көлемінде AP14870561 «Қазақстанда рухани жаңғыру өскелең ұрпақтың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру шарты ретінде» атты тақырыбындағы жоба мен университеттің қаржыландыруымен «№20-ВГ-23 «Білім беру Huba ретінде ерте даму зертханасын құру негізінде цифрлық білім беру ресурстарын дамыту» атты тақырыпта жоба жүзеге асырылды. Осы аталған жоба негізінде 2023 жылдан бастап «Ерте дамыту» лабораториясы жұмыс істейді. Ерте дамыту лабораториясының жетекшісі педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мирза Н.В. Лабораторияның алға қойған мақсаты: профессор-оқытушылар құрамын, ғылыми қызметкерлерді, докторанттарды, магистранттарды және

студенттерді ғылыми зерттеу жүргізудің тиімді және заманауи әдістерімен және құралдарымен қамтамасыз ету. Сонымен бірге, лаборатория аясында «Ерте дамыту лабораториясы» атты ютуб-канал (YouTube) https://youtube.com/@lab_child?si=3yzFbNbv3NmQOFCl ашылды.

Ұсынылатын цифрлық білім беру ресурстары мектеп жасына дейінгі балаларға, олардың ата-аналарына және педагогтерге, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналды.

Жалпы қорытындылай келе, мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту мәселесін шешуге университет көлемінде педагог кадрларды даярлау мен жаһандық білім беру жағдайына түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда елеулі табыстарға қол жеткізген жоғары білікті профессорлық-оқытушылар құрамы қалыптасты деп айтуға болады. Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы мәдени-педагогикалық дәстүрлерді табысты дамытып, нығайтуды жалғастырып, оқытушылар мен түлектер сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі ұйым мен жоғары оқу орнының ынтымақтастық байланыстылығы аясында ғылыми-әдістемелік семинарлар, тренингтер жүргізіледі. Бүгінгі таңда халықаралық үлгіде қос диплом мәселесі қарастырылуда және де инновациялық технологиялар үрдісін шыңдау үрдісі сақталған.

Әдебиеттер:

1. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі кезеңде білім беру мазмұнын жаңартудың әдіснамалық негіздері. Монография - Астана, 2010. - 250 б.
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z25>
3. «Ерте жастағы балаларға арналған заттық-дамытушы орта» стандарты, 2019 https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/razvitie/3_kaz.pdf
4. Бір тұтас тәрбие бағдарламасы, 2023 <https://rgmedia.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=28&id=14579>
5. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі, 2021 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
6. «Педагог» кәсіптік стандарты, 2022 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149>